

# Жастарға деген үміт зор

Мемлекеттің болашағы – жастардың қолында

«Ақыл жастан, асыл тастан» деген сөзді айтқанда халқымыз жас толқынның болашағынан үміт күткен болар.

Содан бері неше ұрпақ ауысса да халықтың жастарға деген сенімі өзгерген жоқ. Жастар әркез қоғамның қозғаушы күші ретінде танылған.

Өткен аптада Меңдіқара аудандық орталық кітапханасында «Болашақ пен жастар, үміттер, тілектер, армандар» тақырыбында іс-шара өтті. Шара барысында Жастар ресурстық орталығы директорының міндетін атқарушы Тұрсынай Дүйсембаевамен сұхбат жүргізілді.

**- Қайырлы күн, Тұрсынай Мұхтарқызы. Жастар ресурстық орталығының жұмысына тоқталып кетсеңіз.**

- Біздің жұмысымызға қызығушылық танытып, жастарға мол сенім білдіргендеріңізге үлкен рақмет. Орталықтың жұмысы қызу және ауқымды түрде жүргізіліп жатыр. Жастарымыздың арқасында біраз шаруалар, қызықты дүниелер жасалауда. Біздің жастар жақсылық пен мейірімге көп көңіл бөледі. Көптеген қайырымдылық шараларды өткіздік, әлі де ұйымдастырамыз деген жоспарымыз бар.

**- Бүгінгі біздің ауданымыздың жастары қандай?**

- Біздің аудан жастарының жақсы қасиеттерін мақтанышпен айта аламын. Жастарды бір бағытта ұстай алмаймыз. Олар жан-



жақты. Әрқайсысының өзінің алдына қойған бағыты мен бағдары бар. Қай саланы алсаңызда жастарымыз өздерін жан-жақты көрсетуде. Денсаулық, өнер, спорт, білім, ауылшаруашылығы, кәсіпкерлікте де жастардың қарасы жетерлік. Олар білімді, білікті, қайсар, өнерлі десем артық айтпаған болармын.

**- Еліміз үшін жастарымыздың қолынан не келеді?**

- Дәл осы істі біздің жастар жасайды, не болмаса жастардың қолынан нақты осы келеді деп көп үшін жауап бергенім дұрыс емес шығар. Жастарымыз жақсы білім алып, дұрыс жолмен жүріп, өздерін тек жақсы жағынан көрсете білсе, біздің еліміздің болашағының жарқын болары анық. Олар бүгін жақсы тәрбиені бойларына сіңіріп, ертеңгі күнде адамгершілігі жоғары азамат болады. Білім алып, білікті маман болады. Еліміздің гүлденуіне үлес қосады деген ойдамын. Сол үшін әркез жастарға қолдау білдіріп, жастармен тығыз

қарым-қатынаста болуға тырысудамыз.

**- Жастардың бойынан қандай қасиеттерді көре аламыз?**

- Ең бастысы мейірімділікті, жылулықты көре аламыз. Біз татулығы жарасқан елдің тұрғындарымыз. Ертеден келе жатқан татулығымызды бүгінгі күннің жастары ту етуде. Олардың жүректері жылулыққа толы. Үлкенге деген сыйластықтары, кішіге деген ізеттіліктерін байқап жүрмін. Біз жастарға өзіміз үгі бола алсақ, ертеңіміздің жаман болмасы анық.

**- Алдағы жұмыс жоспарларыңызбен бөлісе кетсеңіз.**

Жоспар деген көп. Орталықтың алға қойған мақсаттары да бар. Бар күш-жігерімізді жиып жұмысымызды жасап жатырмыз. Біздің жастар алдағы күнде өздерін түрлі жобаларда сынаса деген тілегім бар. Осы мақсатта алдағы күнде қызу жұмыс жүргіземіз. КТК (КВН) алдағы күнде кеңінен дамытсақ,

дебаттық турнирлер мен интеллектуалдық ойындар, спорттық жарыстар өткізсек деген жоспарымыз бар. Жоспар көп, жастармен бірлесе жұмыс атқарып, жопарымызды жүзеге асырамыз деген ойдамыз.

**- Жастарға не тілер едіңіз?**

- Ең бірінші сенім мен жігер. Өзіне сенімді жанның қолынан көп нәрсе келері анық. Сенім мен жігерді серік етіп, біраз белестерді бағындыра аламыз. Еліміз тыныш болып, жастарымыз бейбіт елде өмір сүрсе деген тілегім бар. Жастар - ертеңгі болашағымыз. Біз жастарға сенім артсақ, жастар өздеріне сенімді болса, көптеген жетістікке жетуге болады.

**Біздің сауалдарымызға шынайы жауап беріп, сырлы сұхбат бергеніңізге үлкен рақмет. Жұмысыңызға сәттілік тілейміз.**

Дайындаған,  
орталық кітапхананың  
кітапханашысы  
Роза ЫБЫРАЙ